Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 11.12.2015 жылғы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №648 Қағиданың 44-тармағында «Конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір (1 %) пайыз мөлшерінде, бірақ он пайызынан асырмай шартты жеңілдік береді.

Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша нөл бүтін оннан бес пайыз (0,5 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер бір жылдың ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде біреуден артық құрылыс объектісінде осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан екі (0,2 %) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді. – делінген.

Конкурстық комиссия мүшелері «Kazash Triding Company» ЖШС – 2015 жылы 26 нысанды ағымдағы жөндеуден өткізгендігін ескерілмеген, барлық растаушы құжаттары қоса тіркелген.

Оған қосымша, қосалқы мердігер ретінде атқарған жұмыс тәжірибелері ескерілмеген.

Жоғарыдағылардың негізінде Сізден, «Kazash Triding Company» ЖШС-нің шартты жеңілдігіне әсер ететін пайыздық мөлшерлерін қайта есептеп, қорытындылар туралы хаттаманың қайта қарауға ықпал етуіңізді сұранамын.

"ШЫҒЫС-5" ЖШС –ның біліктілігі туралы мәлімет толтырылмаған. Бір ғана жұмыс толтырылған. Қалған жұмыстар жоқ. Шартты жеңілдікті қайта қарауыңызды сұранамын.

Директор Мусаев Ж. Х.